

Әр педагог-қызметкер білуі тиіс:

- Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылық пен күрестің нормативтік құқықтық базасын;
- Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылық үшін жауапкершілікке тартылу тәртібі;
- Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу және жол бермеу;
- Сыбайлас жемқорлыққа байланысты әр түрлі іс-әрекеттерге қарсы шығу.

Шешім:

- 1.Қызметкерлер мен ата-аналар арасында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бағдарламасы аясында түсініктеме жұмыстары жүргізілсін.
2. Бөбекжай-бақша бойынша алынған іс-шараның орындалуы әдіскер К.Н.Рахмашеваға жүктелсін.

Меңгеруші:

Хатшы:



А.АГ.Абишева

А.Чурмантаева

КМҚК №32 «Мөлдір» бөбекжай-бақшасының жиналысының

№1 Хаттамасы

5 қыркүйек 2022 жыл

Қатысқан -11 педагог-қызметкер

Күн тәртібінде:

1. Бөбекжай-бақша қызметкерлеріне 2015-2025 жылдарға арналған «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бағдарламасы туралы мағлұмат беру, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мақсатында құрылған жұмыс тобының бұйрығымен,сыбайлас жемқорлыққа қарсы құрылған жұмыс жоспарымен және ата-аналардан заңсыз ақша қаражаттарын жинауға тыйым салыну туралы бұйрығы, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекетті күшейту шаралары туралы» бұйрығымен таныстыру-меңгеруші Абишева А.Г.

1-мәселе бойынша бөбекжай-бақша меңгерушісі Абишева Алмагуль Ганиматовна сөз салды:

2015-2025 жылдарға арналған «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бағдарламасы туралы таныстыра отырып, мемлектік міндеттерді атқаратын лауазымды қызметкерлердің заңда белгіленген тәртіпті сақтап, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу жөнінде айта кетті. Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарында көзделген негіздер мен тәртіп бойынша сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылықтар жасағаны үшін жауапты болатынын айтты. Балабақша бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар алынып жоспар жасақталғанын айта кетті. Сонымен қатар сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мақсатында құрылған жұмыс тобымен, жұмыс жоспарымен және ҚР 2007 ж 27 шілдедегі №319 «Білім туралы» Заңының 63-бабы, 2-тармағы 2) тармақшасына негізге ала отырып ата-аналардан заңсыз ақша жинау және сыйлықтар алу фактілерін болдырмауды қадағалайтын комиссия мүшелерінің бұйрығымен таныстырды. Бөбекжай-бақшаның 1-қабатында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында қызметкерлер мен ата-аналарға арналған бөбекжай-бақшада теріс әрекеттер, ұрлау және заңсыз ақша жинау жағдайларын кездестіру кезінде өз ескертулерін жасап, өтініштерін хат жазу арқылы білдіретін арнайы «сенім жәшігі» ілінген. Бұл жәшікке келіп түскен өтініштер мен хаттар апта соңында бөбекжай-бақша әкімшілігінің қатысуымен алынып, жұмыс жүрізіліп, қаралатынын, сонымен қатар, сенім телефондары жазылып, көрсетілгендігін айта кетті.